

Солтүстік Қазақстан облысындағы спорттың басым түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 485 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 желтоқсанда № 4405 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 315 (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 06.12.2019 № 315 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 03 шілдедегі Заңының 8-бабы 1-тармағының 20-5) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысындағы спорттың басым түрлерінің қоса берілген тізбесі бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркеуді;

2) осы әкімдіктің қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы - Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөнінде орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысындағы спорттың басым түрлерінің тізбесі

Топтардың атауы	Олимпиадалық емес спорт түрлерінің атауы	Жазғы олимпиадалық спорт түрлерінің атауы	Қысқы олимпиадалық спорт түрлерінің атауы	Ұлттық спорт түрлерінің атауы	Паралимпиадалық спорт түрлерінің атауы
"А" тобы	Акробатика Армрестлинг Гір спорты Каратэ кекушинкай Кикбоксинг Пауэрлифтинг, бодибилдинг Президенттік көпсайыс Спорттық бағдарлау (қысқы, жазғы) Сурдлимпиадалық спорт түрлері (футбол, шағын-футбол, жеңіл атлетика) Таэквондо ITF (International taekwon-do federation- халықаралық таэквондо федерациясы)	Бокс Баскетбол Еркін күрес (ерлер, әйелдер) Волейбол Велосипед спорты (шоссе, трек, маунтинбайк) Грек-рим күресі Жеңіл атлетика Жүзу Семсерлесу	Биатлон Коньки спорты Шаңғы жарысы Шайбалы хоккей	Аударыспақ Асық ату Жекпе-жек Қазақша күрес Көкпар Тоғыз құмалақ	Мүгедектер спорты: 1.Көру бойынша: Жеңіл атлетика Шаңғы жарысы Дойбы Жүзу Тоғыз құмалақ Шахмат Бадминтон 2.Тірек-қимыл аппараты зақымданған: Жеңіл атлетика Арбашамен жарыс Шаңғы жарысы Жүзу Дойбы Шахмат Армрестлинг Пауэрлифтинг Үстел теннисі Жатып сығымдау
"В" тобы	Белбеу күресі Каратэ шинкиокушинкай ММА (Mixed Martial Arts - аралас әскери өнер) Шағын-футбол Муайтай Радиоспорт Спорттық би Допты хоккей	Су добы Дзюдо Үстел теннисі Ауыр атлетика Футбол Көркем гимнастика	Керлинг	Аламан бәйге Жорға жарыс Құнан бәйге Теңге алу	-

"С" тобы	Джиу-джитсу Самбо	Каратэ-до Батутта және акробатикалық жолда секіру Спорттық гимнастика Теннис	Шорт-трек	Қыз қуу Сайыс	-
----------	----------------------	--	-----------	------------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК